

**«Павлодар облысының білім беруді дамытудың инновациялық
орталығы» КММ**

«БЕКІРЕМІН»

Орталық басшысы

Б.Т. Аушахманова

2022 ж.



**«Үздік оқу-әдістемелік материал»
облыстық конкурсының
ЕРЕЖЕСІ**

Павлодар, 2022 ж.

«Үздік оқу-әдістемелік материал» облыстық конкурсы

Жалпы ережелер

1. «Үздік оқу-әдістемелік материал» облыстық конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) Павлодар облысы білім беру басқармасының «Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ өткізеді.
2. Конкурс педагогтерді кәсіби-педагогикалық жетілдіруге, білім беру сапасын арттыруға жәрдемдесуге арналған.
3. «Үздік оқу-әдістемелік материал» конкурсы жыл сайын тамыз іс-шаралары аясында өткізіледі.
4. Конкурс материалдары қазақ, орыс немесе шет тілдерінде ұсынылады.
5. Конкурс келесі бағыттар бойынша өткізіледі:
 - «Үздік авторлық бағдарлама»,
 - «Үздік әдістемелік құрал»,
 - «Үздік әдістемелік ұсынымдар»,
 - «Үздік әдістемелік әзірлеме»,
 - «Үздік диагностикалық материал»,
 - «Үздік іс-шара сценарийі»,
 - «Үздік оқыту және дамыту ойындары».
6. **Топтық жұмыстар қарастырылмайды. Конкурса бұрын ұсынылған жұмыстар жіберілмейді.**

Конкурстың мақсаты мен міндеттері

7. Конкурстың мақсаты педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау, педагогтердің құзыреттілігін арттыру, инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату болып табылады.
8. Конкурстың негізгі міндеттері:
 - педагогтердің инновациялық және ғылыми-зерттеу қызметін алға ұмытылдыру;
 - дарынды мұғалімдерді анықтау, оларды қолдау және ынталандыру.

Конкурс қатысушылары

9. Конкурса мектепке дейінгі, жалпы білім беретін, мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарының, қосымша білім беру ұйымдарының, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының басшылары, педагогтері мен әдіскерлері, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері қатыса алады.

Соңғы үш жылдағы жеңімпаздар Конкурса қатыса алмайды.

Конкурсты өткізудің мазмұны мен нысандары

10. Конкурсқа ұсынылады:

- «Үздік авторлық бағдарлама»,
- «Үздік әдістемелік құрал»,
- «Үздік әдістемелік ұсынымдар»,
- «Үздік әдістемелік әзірлеме»,
- «Үздік диагностикалық материал»,
- «Үздік іс-шара сценарийі»,
- «Үздік оқыту және дамыту ойындары».

Ұсынылған жұмыстардың элементтері келесі бөлімдерден тұруы тиіс:

- Титул парағы(заңды құжатқа сәйкес білім беру ұйымының атауы; жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес тегі, аты, әкесінің аты, автордың лауазымы, жұмыстың атауы мен әзірленген жылы көрсетілуі тиіс);
- Педагогтің жазбаша жұмысының түпнұсқалығын тексеруден өткенін растайтын білім беру мекемесі басшысының қолы қойылған құжат (антиплагиаттың онлайн сервистері 80% - дан кем емес). Егер педагогтің жазбаша жұмысының бірегейлігі 80% - дан кем болған жағдайда, E-portfolio электрондық порталында конкурсқа қатысуға өтінім қабылданбайды.
- Рецензиялар (кемінде 2 рецензия: практик-мұғалімнен, ғылыми дәрежесі бар ЖОО оқытушысынан);
- Түсіндірме жазба(бағыттылығы, жаңашылдығы, өзектілігі, педагогикалық бағыттылығы, мақсаттары мен міндеттері, ерекшеліктері және оларды тексеру тәсілдері, күтілетін нәтижелер);
- Негізгі бөлігі (оқу-әдістемелік материал, ұсынылған жұмыстардың жоспары, мазмұны, ұсынылған жұмыстың өзі, әдістемелік қамтамасыз етілуі);
- Оқу-әдістемелік материалдың мазмұны тақырып пен мақсатқа нақты сәйкес келуі қажет;
- Материал мүмкіндігінше қарапайым және нақты түрде баяндалған, жүйеленген болуы қажет;
- Жазылу тілі ыңғайлы, сауатты, анық болуы керек;
- Оқу-әдістемелік материал оқу-тәрбие процесін жүзеге асырудың нақты материалдық-техникалық жағдайларын ескеруі және «Қалай оқыту керек?» сұрағына жауап беруі қажет;
- Оқу-әдістемелік материалда педагогикалық жұмыс тәжірибесінде қолдануға болатын нақты материалдар болуы тиіс (сабақ жоспарлары, зертханалық жұмыстарды жүргізуге арналған нұсқаулықтар, тірек конспектілер, схемалар, тесттер, деңгейлік тапсырмалар және т.б.);
- Материалдар ОӘК мазмұнын көшірмеуі, көпшілікке қолжетімді ақпаратты қайталамауы тиіс.

Конкурстың оқу-әдістемелік материалдарының мәтіндерін рәсімдеу

Ұсынылған материалдар E-Portfolio электрондық порталында жүктеледі:

- формат – А4, мәтіндік редактор - Microsoft Word, қаріп – Times New Roman, қаріп өлшемі – 14, жол – 2 см, барлық жағынан;
 - беттердің нөмірлері-араб сандарымен, беттің төменгі жағында, ортасында тура тұрады, титулдық парақ жалпы нөмірлеуге қосылады, бірақ онда нөмір көрсетілмейді;
 - жоларалық интервал-бір.
 - Мәтін бөлімдер мен бөлімшелерге бөлінеді. Оларға араб цифрларымен белгіленген реттік нөмірлер беріледі. Мәтіндегі бөлімдердің атаулары тақырып түрінде жасалады. Бөлімнің тақырыбы бас әріптермен теріледі, 14 қалың қаріппен бөлініп, ортасына орналастырылады. Негізгі мәтін тақырыптан бос жолмен бөлінеді. Кіші бөлімдердің тақырыптары азат жолдан басталады. Тақырыптардың соңында нүкте қойылмайды. Тақырыптардың астын сызып керек емес.Әр бөлімді жаңа парақтан бастау қажет.
 - Мазмұнда материал басталатын парақтардың нөмірлері көрсетіле отырып, бөлімдердің, кіші бөлімдердің тақырыптары рет-ретімен санамаланады.
 - Иллюстрациялар «Сурет» сөзімен белгіленеді және бөлім шетінде нөмірленеді. Иллюстрацияның нөмірі бөлім нөмірінен және нүктемен бөлінген иллюстрацияның реттік нөмірінен тұруы тиіс.
 - Қосымшалар жұмыстың ең соңында мәтінде көрсетілген ретпен орналастырылады. Әр қосымша жаңа парақтан басталады. Парақтың оң жағында «Қосымша» сөзі жазылады және араб санымен белгіленеді, мысалы, «1-қосымша».
 - Жалпы жұмыс көлемі мен қосымшалар көлемі шектелмеген. Қосымшалар мәтінге сәйкес келуі тиіс (мәтінде оларға сілтеме жасау міндетті).
 - Мәтінде пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер тік жақшада берілуі керек.
 - Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде келесі мәліметтер көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты, атауы, шыққан жері, баспасы, шыққан жылы, беттері.
11. Конкурсты өткізудің келесі кезеңдері мен мерзімдері белгіленеді:
 - I кезең-білім беру ұйымдарында (қаңтар айы);
 - II кезең – аудандық/қалалық (ақпан айы);
 - III кезең – облыстық (наурыз айы).
 12. Облыстық кезеңге Конкурстың II кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің жұмыстары жіберіледі.
 13. Конкурс жеңімпаздары тамыз іс-шараларында марапатталады.

Оқу-әдістемелік материалдарды бағалау критерийлері

14.Өзектілігі (білім беруді дамытудағы қазіргі заманғы бағыттардың көрінісі, перспективалылық, мақсатты нұсқауларды нақты тұжырымдау) – **0-3 балл;**

15.Жаңашылдығы (тәжірибенің бірегейлігі, материалдың инновациялық құндылығының деңгейі: педагогикалық практикада бар материалдарды белгілі бір ауданның, білім беру мекемесінің, сыныптың, балалар тобының жағдайларына авторлық әзірлеу немесе бейімдеу) – **0-3 балл;**

16. Материалдың әзірлену дәрежесі – **0-3 балл;**

17. Нәтижелілік (ұсынылған материалдарды қолдану арқылы білім беру үдерісінің сапасын арттыру: негізгі және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру, оқу мотивациясын, танымдық белсенділікті, оқушылардың шығармашылық әлеуетін және т. б. арттыру.) – **0-3 балл;**

- Практикалық құндылық (енгізу актісі) – **0-3 балл;**

- Дизайн (рәсімдеудің тұрақты стилі)– **0-3 балл;**

- Стилистикалық және орфографиялық сауаттылық - **0-3 балл.**

Конкурстың ұйымдастыру комитеті

18.Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады, оның міндетіне барлық өңірлік ұйымдастыру комитеттерінің қызметін үйлестіру, конкурс кезеңдерін өткізуде келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыру және конкурсқа ұсынылған материалдарды бағалау өлшемшарттарын әзірлеу кіреді.

19.Ұйымдастыру комитеті конкурсты өткізу тәртібін, нысандарын айқындайды, e-Portfolio электрондық порталынан қатысу үшін берілген өтінімдерді жүктеп алады, қатысушылар мен қазылар алқасы мүшелерінің тізімін қалыптастырады.

20.Ұйымдастыру комитетінің құрамына Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының, Павлодар облысы білім беру басқармасының өкілдері кіреді.

Конкурстың қазылар алқасы

21.Конкурсқа ұсынылған жұмыстарды сараптау және бағалау, конкурстың қорытындыларын шығару үшін қазылар алқасы құрылады.

22.Қазылар алқасының мүшелері облыстың жоғары оқу орындарының, оқу-әдістемелік орталықтардың педагог қызметкерлері, өнер, мәдениет және ғылым қайраткерлері, жаңашыл педагогтер бола алады.

23.Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды.

Ұйымдастыру комитетіне құжаттарды ұсыну тәртібі

24. Конкурстың облыстық кезеңіне қатысуға өтінімдерді қабылдау ағымдағы жылдың 01 наурызға дейін жүзеге асырылады. Конкурстың облыстық кезеңіне қатысуға өтінімді E-Portfolio электрондық порталы арқылы беру қажет (<https://pvl.eportfolio.kz>). Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген құжаттар тіркелмейді.

25. Конкурсқа қатысу үшін ББДИО -ға төмендегідей құжаттар ұсынылады:

- тексеру формасына сәйкес (1-қосымша) қатысушы туралы мәліметтер көрсетілген E-Portfolio электрондық порталында тіркелген өтінімдер.

- конкурстық материалдар (электрондық форматта E-Portfolio электрондық порталына бұлтты деректерді сақтау сілтемелері түрінде жүктеледі (Бетбелгі - қосымша еркін нысан).

26. Конкурстық материалдар рецензияланбайды, қайтарылмайды.

Конкурс жеңімпаздарын марапаттау

27. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады:

I орын – 1 жұмыс

II орын – 1 жұмыс

III орын – 1 жұмыс

28. Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Павлодар облысы білім беру басқармасының Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

29. Қазылар алқасының сараптамалық бағасы I орын үшін – 98-100% (20,5-21 балл), II орын – 83-97% (17,5-20 балл), III орын – 77-82% (16-17,2 балл) құрайды.

30. Қазылар алқасының сараптамалық бағалауынан 70-76% (14,7-15,9 балл) құрса, қатысушыларға конкурсқа қатысу туралы сертификаттар беріледі.

31. Үздік жұмыстар педагогикалық тәжірибеге енгізуге ұсынылады.

1-қосымша

«Үздік оқу-әдістемелік материал» конкурсына қатысуға

Өтінім

№	Қатысушының ТАӘ (толық) Ф.И.О. участника (полностью)	Аудан/қала Город/район	Жұмыс орны Место работы	Лауазымы Должность	Білім деңгейі (мектепке дейінгі, бастауыш, орта, жоғары)	Бағыт направление (ереже бойынша)	Вид работы	Жұмыстың атауы Наименование работы	Байланыс құралы Контактные данные (сотовый телефон, email)	Антиплагиат (% бірегейлігі 80% кем емес)